

«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
«Сапаны қамтамасыз ету комиссиясы»
мәжілісінің № 2 хаттамасы

Тараз қаласы

11.06.2024 ж.

Қатысқандар:

Есимова Ш.А., Дарибаев Ж.Е., Балкибаева Г.А., Иржанова Г.Ж., Алимбетова Г.С., Омарова Г.Е., Турарова А.Н., Исабекова Г.Б., Тасуов Б.Т., Шардарбек М.Ш., Ернншев К.А., Нурпеисов М.К., Турсыналиева Ж.Р., институт және факультеттердің сапаны қамтамасыз ету комиссияларының төрағалары .

КҮН ТӘРТІБІ:

1. "Білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану" сауалнамасының талдаулары туралы.
2. Факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жұмысының жылдық есептері мен талдау нәтижелері туралы.
3. Дулати университеті Даму бағдарламасының ағымдағы оқу жылы көрсеткіштерінің орындалуы туралы.

Тыңдалды.

1-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Ж.Дарибаев мәжіліске қатысушыларды ПОҚ арасында өткізілген сауалнама нәтижесімен таныстырып шықты. Сауалнамада жалпы 31 сұрақ қарастырылған, әр сұраққа жеке тоқталып нәтижелері талқыланды. Сауалнама нәтижелері тіркелген.

Дарибаев Жанали Еркінбекович сөз алды: Университетте білім алушылар мен жұмыс берушілердің көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттанушылығының дәрежесі анықтау жөніндегі әлеуметтанымдық жұмыс жүргізіледі. Бірініші кезекте университеттің профессорлық-оқытушылық құрамына сауалнама жүргізілді. Жүргізілген мониторингтің мақсаты: ПОҚ-ның білім беру қызметтерінің сапасына және университеттің экожүйесіне қанағаттану дәрежесін анықтау.

Ағымдағы оқу жылының мамыр айында Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі қызметкерлері Дулати университеті тұтынушыларының қанағаттану дәрежесін анықтау жұмысын жүргізді. Осы мақсатта бөлім 2 бағытта сауалнамалау әзірледі.

Профессорлық-оқытушылық құрамға арналған сауалнама 31 сұрақтан, 30 жабық түрден (сауалнаманың мәні бойынша) және 1 ашық түрден (өз пікірін немесе қолда бар ұсыныстарын білдіру үшін) тұрады. Сауалнамамен университеттің барлық факультеттерінің/институттарының оқытушылары қамтылды. Сауалнамаға барлығы 1053 оқытушының 343-і қатысты, факультеттер бойынша сауалнамаға қатысқандардың орташа пайызы шамамен 32,6% құрады, бұл әлеуметтанулық стандарттар бойынша алынған деректерге талдау жүргізу үшін жеткілікті, өйткені әлеуметтанулық сауалнама нәтижелерін шығару үшін ең төменгі пайыз 15% құрайды.

Сауалнаманың өзіне тоқталып өтсек, 31 сұрақ бірнеше бағыттарды қамтыған олар: ЖОО-дағы басшылық, ғылым бөлімі, академиялық бағыт, әлеуметтік-тәрбие, университет инфрақұрылымы және студенттерге қатысты. Бағалау 4 түрлі критерийден тұрады: 1 – қанағаттанамын, 2 – жартылай қанағаттанамын, 3 – мүлдем қанағаттанбаймын, 4 – жауап беруге қиналамын.

1-ші бөлімде университет басшылығының іс-әрекеттеріне қанағаттануы туралы сұралып, нәтиже 55%- ды көрсеткен, қанағаттанарлық – 30,3% , қанағаттанарлық емес – 10,8% құрайды.

- Университеттің миссиясы, жаңа стратегиясына деген көзқарас туралы қанағаттанарлық – 57,1%, жартылай қанағаттанамын – 30%, жауап беруге қиналамын - 7% құрады. Бұл әрине төмендеу көрсеткіш. Себептерін бірге іздестірейік және талдайық.

Мүмкін, жаңа саясат, 7 жылдық жаңа стратегия әзірленіп, оны оқу орнымыз енді игеріп жатқандықтан осындай төмендеу көрсеткішті құрап отырған болар.

- Оқу орнының имиджі туралы қанағаттанарлық – 59% , жартылай қанағаттанамын – 21%, мүлдем қанағаттанбаймын – 12,5%. Бұл көрсеткіштер оқу орнының басшылығы алдына ЖОО оқытушылардың үлесін ескермейді немесе университеттің имиджін қалыптастыруға деген оқытушының пікірі мен үлесі елеусіз калуда деген ойларға жетелейді.

- Оқытушылардың шешім қабылдауға қатысуы. Бізде әр түрлі коллегиялық органдар бар, олардың жұмысына 39,4%-ы шешім қабылдауға қатысамыз, 30,6% жартылай немесе 23,3%-ы мүлдем қатыспаймын деп дауыс берді. Нәтиже бойынша ПОҚ-ның тең жартысы (53,9%) м шешім қабылдау процесінен алыстау немесе қатысу мүмкіндігі жоқ деген сөз, бұл мәселені кафедра, деканат және жоғарғы басшылық деңгейінде де үнемі назарда ұстауымыз керек деп ойлаймын.

- Оқу-техникалық құралдарымен, лабораториялармен жабдықтау сияқты мәселелер оқытушылар үшін өте маңызды, 31,2% осы жөнінен жеткіліксіз, төмен деп бағалайды, ал 8,7% бен тағы 8,7%-ы оқу-әдістемелік әдебиеттердің жеткіліксіздігі немесе мүлдем жетіспеушілігі туралы айтады. Сондықтан бұл алдағы уақытта басты назарда болуы тиіс мәселенің бірі деп ойлаймын.

- БББ дайындау барысында Академиялық департаменттің процеске қатысуы туралы: 17%-ы департамент тарапынан көмек алмаймыз, 10,4%-ы қанағаттанарлықсыз деп жауап береді.

- Университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысты: оқу орнының әсері немесе оқытушының бұл мәселеге қанағаттанбауы - 21,9% жартылай қанағаттанады, 8,5% мүлдем қанағаттанбайтындығын айтып өткен.

- Оқу жүктемесінің кафедрада бөлінуі бойынша 26% жартылай қанағаттанады, 8,5 %-ы мүлдем қанағаттанбайды.

- Карьера бойынша өсу жөнінен жасалып жатқан жұмыстарға қанағаттануы туралы сұраққа 19,7%-ы жартылай келіседі және 11,1%-ы қанағаттанбайтындығын білдіреді.

- Оқу, ғылым және әдістемелік іс-шаралар бойынша тиімділік жөнінде 22,2% - жартылай қанағаттамын, 16,9%-ы тиімсіз деп есептейді.

- Біліктілікті жетілдіру бойынша 73%-ы жұмыстың жақсы жүргізілетіндігін айтып, 21%-ы жартылай қанағаттанамын десе, ал, келіспеймін немесе қанағаттанбаймын деушілердің пайызы 19,8%.

- Ғылыми- әдістемелік потенциалыңызды қалай іске асырасыз, өзіңіздің потенциалыңызды қолданысқа қалай асырасыз деген сұраққа 31,8%-ы толық аша алмаймын десе, 13,4% мүлдем қанағаттанбайтындығын айтады.

- Цифрлық компетенция бойынша: 37,6% медиа сауаттылық жөнінен проблемалар бар екендігін, 3,5% компьютерлік технологияларды меңгермегендігі туралы мойындаған. Бұл проблема бойынша болашақта әсіресе, жасы егде адамдар үшін қосымша курстар ұйымдастыру қажеттігі, яғни мәселенің күн тәртібінен әлі түспей келе жатқандығын білдіреді.

- Кафедра меңгерушілеріне және деканаттың қызметкерлеріне қатысты қанағаттану сезімі туралы: 74,4% қанағаттанамыз, 19,5% нейтралды, 3,2%-ы ғана мүлде қанағаттанбайтындығын білдірген.

- Ұжымдағы қарым-қатынас туралы: 17,7%-ы орташа деңгейде, тек 3,2%-ы әр түрлі проблемалар бар екендігін айтып өтеді.

- Студентке бағытталған оқыту бойынша: 22,7%-ы жартылай қанағаттанады, 6,4%-ы мүлде қанағаттанбаймын деп көрсетеді. Әр үш студенттің біреуі жартылай немес толық қанағаттанбайтын бұл көрсеткіш бәрімізге ойлануды қажет етеді деген пікірдемін.

- Университеттегі ақпараттандыру деңгейі бойынша: 25% орташа ақпарат алады, тек 4,4% қанағаттанбайды.

- Жоғарғы басшылықтың іс-әрекеттері бойынша ақпарат қаншалықты қолжетімді деген сұраққа 27,3% жартылай қанағаттанып, 7,5% мүлде қанағаттанбайтындығын көрсетеді, бұл да ойлануды қажет ететін мәселе, өйткені, басшылықтың немесе коллегиялық органдардың шығарған шешімдері ПОҚ-на қол жетімді болуы тиіс.

- Жұмыс орнын жарактандыру бойынша: 40,4%-ы жартылай қанағаттанса, 11% мүлде қанағаттанбайды.

- Кампустағы қауіпсіздік туралы: 62% өздерін өте қауіпсіз сезінеді, 21% жартылай қауіпсіз сезінеді және 5,2 %-ы мүлде қауіпсіз сезінбейтіндігін айтқан.

- БІнталандыру процесі қаншалықты әділ, қаншалықты объективті деген мәселеге қатысты: 15%-ы барлығын жоғарғы басшылық шешеді, 10%-ы кафедра меңгерушілері шешім қабылдайды, ал 50%-ы жеткілікті түрде әділ шешіледі деп көрсеткен.

- Дифференциалды төлем бойынша: 18,9%-ы жартылай қанағаттанамын, 12,5%-ы барлығының жалақылары бірдей болуы қажет, көтермелеу жүйесінің қажеті жоқ дейді, ал 60%-ға жуығы бұл бағалау саясатының дұрыстығына келісетінін айтады.

- Әкімшілік, университет басшылығының тарапынан болатын әлеуметтік қолдаулар туралы - 30%-ы жартылай қанағаттанамын, 14%-ы қанағаттанбаймын деп жауап береді.

- Жалақы мөлшері бойынша: 31%-ы жартылай қанағаттанамыз, 20%-ы мүлде қанағаттанбаймыз деп көрсетеді, екі көрсеткішті қосатын болсақ әрбір екінші оқытушының жалақы мөлшерімен толық қанағаттанбайтындығын байқауға болады.

Қорытындылай келе, жалпы 31,4% сауалнамаға қатысушылар жартылай қанағаттанамын немесе мүлдем қанағаттанбайтындығын айтады, бұл 3 оқытушының біреуі деген сөз. Осыған байланысты, төменде көрсетілген бағыттар жоғарғы басшылық, деканат, кафедра деңгейінде үнемі назарда болуы қажет:

1. Академиялық бағыт бойынша 3 көрсеткіш;

2. Ғылым бойынша 2 көрсеткіш;

3. Инфрақұрылым бойынша 3 бағытқа аса назар аудару қажеттілігі көрсетілді.

Мұнан кейін Ж.Дарибаев университет білімгерлері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелелеріне тоқталды. Сауалнама нәтижелері студенттердің көпшілігі жалпы оқу жағдайларына, қауіпсіздік деңгейіне, аудиторияның жабдықталуына қанағаттанатынын көрсетеді. Олар университеттің өмірі, университет басшылығының, деканаттың және кафедраның қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізе алады. Мұндай ақпараттың негізгі көзі ЖОО-ның ресми құжаттары - ректордың бұйрықтары, кафедра отырыстарының хаттамалары, университеттің веб-сайты және т.б. болып табылады. Сондай-ақ, сауалнама респонденттердің ішінара қанағаттануы мен қанағаттанбауының орташа пайызы 15-тен 29% - ға дейін тең болатын осындай маңызды процестерге назар аудару керектігін көрсетті. Ең жоғары оң жауап "оқытушылар студенттерге қатысты оқытушылық этиканы сақтай ма?" - 86,1, бұл ретте 2,9 % кері бағаланды. Кураторлардың жұмысын бағалау лайықты бағаға ие болды – 83%, ал 3,2% куратормен қарым-қатынастың төмендігін атап өтті. Студенттердің білім сапасына қанағаттану деңгейінің маңызды бір бөлігі - жеткілікті жоғары академиялық жұмыстар. Бұл бөлік бойынша сауалнаманы талдауға назар аудару маңызды. Респонденттің 69,5%-ы бірінші кезектегі шешімді талап ететін оқу процесінің мәселесі ретінде "білім беру бағдарламаларын жетілдіруді" таңдайды.

Жоғары басшылық: 1. Респонденттердің 18,1% - ы шешім қабылдау процесіне андасанда қатысатынын, респонденттердің жеткілікті саны (14,8%) "жоқ, шешім қабылдауға қатыспаймын" деген жауапты таңдады 2. 18,5% университеттің тіршілігі туралы барлық ақпаратқа қол жеткізе алмайды немесе толық емес деп санайды ("ішінара қанағаттандырылды").

Академиялық қызмет: 1. 15,9% деканат пен кафедра тарапынан оқу үдерісі бойынша ақпараттандырудың "қанағаттанарлық, бірақ толық көлемде емес" деңгейін, ал Офис тіркеу және студенттерге қызмет көрсету секторының жұмыс деңгейін 18,8% төменге бағалады 2. 9,2% - куратор оларға әрдайым тиісті көмек көрсете бермейді деп санайды, 4,6% респонденттерге куратор проблемаларды шешуге сирек көмектеседі 3. Респонденттің

25,3%-ы берілетін білім сапасына, 24,2% - ы алынатын теориялық білім сапасына, 20,4%-ы оқу пәндері бойынша силабустардың сапасына "толық қанағаттанбайды". 4. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі университетте оқытудың дәстүрлі әдістері (54,8%) кеңінен қолданылады деп санайды, сауалнамаға қатысқандардың тек 29,3%-ы пәндерді оқытудың инновациялық және интерактивті әдістерін қолданады деп санайды. 5. Бірінші кезектегі шешімді талап ететін оқу процесінің сұрақтары ретінде, респонденттердің 69,5% – ы білім беру бағдарламасын жетілдіру қажет жауабын, 16,5%-ы оқу процесін оқу-техникалық құралдармен, аудиториялармен, зертханамен жарақтандыру қажет жауабын, 7,8%-ы оқу-әдістемелік әдебиеттің жеткіліксіздігін, 6,2% - ы оқу-өндірістік практиканы ұйымдастырудың төмен деңгейі жауабын таңдады. 6. 16,9% тапсырмалар уақытында қабылданатынын, бірақ барлық пәндер бойынша емес екенін атап өтті, 7. 7,5% – ПОҚ студенттерге деген құрмет деңгейін арттыру қажет деп санайды, 3,4% – оқытушылар студенттерге қатысты этиканы сақтамайды деп жауап берді. 8. Сауалнаманы толтырғандардың 18,9% - ы оқу процесі өз қабілеттерінің ашылуына толық ықпал етпейді деп санайды. 9. Респонденттердің 22,4% - ы студенттердің әлеуеті мен қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасалған пікірімен ішінара келіседі, 7,8% - ы мұндай жағдайлардың жасалғанына күмәнданады. 10. Студенттік өмірге толық емес қанағаттанамын деп жауап бергендер - 20,8% .

Ғылыми қызмет және цифрлық құзыреттілік: 1. Сауалнамаға қатысушылардың 22,4% - ы СҒЗЖ ұйымдастыру деңгейін орташа деп бағалады, 17,1%-ы оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етілу деңгейіне толық қанағаттанбады. 2. 19% оқытушылар ұсынған әдебиеттер мен қолда бар кітапхана қорына ішінара сәйкес келеді деген баға берді.

Инфрақұрылым, жарақтандыру және қызмет көрсету: 1. Оқу процесін ұйымдастыру деңгейі жөнінен 17,9% студенттер толық қанағаттанбағанын атап өтеді, кампус пен университеттегі қауіпсіздік деңгейі - 16,8% (4,1% өздерін толық қауіпсіз сезінбейтіндіктерін көрсетті), спорт секцияларының жұмысы - 16,9 % деп бағаланды. 2. ЖОО әкімшілігі тарапынан әлеуметтік қолдау 19,8% ішінара қанағаттандырылады, 3. Медициналық қызмет көрсету, санаторийлік емдеу, тамақтану, демалыс қызметтерімен 22,1% ішінара қанағаттандырылады.

Қорыта айтқанда, оқытушылардың білім беру қызметтерінің сапасына және университеттің экожүйесіне қанағаттану дәрежесі 91 пайызды құрайды.

Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Шолпан Алтынбековна сауалнама нәтижелерін университет сайтына енгізу туралы және барлық нәтижелерді басшылық назарына ұсыну туралы пікірін білдіре келе, жаңа оқу жылынан бастап тиісті құрылым басшылары сауалнама нәтижелерін басшылыққа алуға нұсқау берді.

Есимова Ш.А.: Жылдық есеп немесе сауалнама бойынша сұрақтарыңыз, толықтырулар немесе ұсыныстарыңызды айтсаңыздар.

Бірқатар пікір алысулардан соң мәжіліске қатысушылар күн тәртібіндегі мәселе бойынша төмендегідей шешім қабылдады.

Шешім: 1. Оқытушы-профессорлар құрамы мен білімгерлердің университеттегі білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйесіне қанағаттану дәрежесін анықтау сауалнамасы нәтижелері университет сайтына орналастырылсын. Жауапты: Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г.Балкибаева. Мерзімі: 2024 жыл, тамыз айы.

2. Оқытушы-профессорлар құрамы мен білімгерлердің университеттегі білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйесіне қанағаттануы бойынша сауалнама нәтижелері жаңа оқу жылындағы жсоапраулар барысында тиісті құрылым басшылары тарапынан басшылыққа алынсын. Жауапты: құрылымдық бөлім басшылары. Мерзімі: 2024 жыл, тамыз-қыркүйек айлары.

2-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму жөніндегі басқарма басшысы Ж.Дарибаев факультеттер бойынша сапаны қамтамасыз ету комиссиясының 2023-2024 оқу жылындағы есебін талқылауға ұсынды. Ол үшін 3-5 минуттық регламентке сәйкес әрбір комиссия төрағасы бекітілген жылдық жоспарға сай атқарылған негізгі іс-шараларды баяндауы тиіс. Негізі, комиссия жұмысы Академиялық проректор тарапынан қадағалануы тиіс және ереже бойынша бұл комиссия жылына бір рет факультет кеңесінде есеп беруі тиіс. Бірақ, алдыңғы уақыттардағы мұндай есептерді біз көре алмадық. Сондықтан, бүгін осы бір маңызды бағытқа көңіл бөліп отырмыз және жылдық есептеріңізді тыңдау барысында, тасада қалып қойған бірқатар мәселелерге көңіл аударамыз деп ойлаймын.

**Факультеттер бойынша сапаны қамтамасыз ету комиссиясының
2023-2024 оқу жылындағы төрағалары**

№	Факультет атауы	Төраға
1	Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру институты	Сейтпанов Полатбек Қалдыбайұлы
2	«Экономика және құқық» факультеті	Игликова Асель Нұрманханбетқызы
3	Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті	Нусупова Асима Жеңісбекқызы
4	Жаратылыстану ғылымдары факультеті	Үкібаева Ләззат Оразбайқызы
5	Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультеті	Бұзаубақова Клара Жайдарбекқызы
6	Технологиялық факультеті	Демеуова Гүлбану Борисқызы
7	Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті	Қамысбаева Жанар Қалабайқызы

Институт және факультеттер бойынша сапаны қамтамасыз ету комиссияларының төрағалары жоспар бойынша жыл бойы атқарылған жұмыстар есебін таныстырды.

Сейтпанов П.Қ. сөз алды: Жыл бойы 4 оқу құралын қарастырдық. Ал факультетте сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жұмыс жоспары жасалынбады, сәйкесінше жұмыс атқарылмады. Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жұмысы бір орталықтан үйлестіріліп отыру керек деп ойлаймын. Комиссия жұмысын реттеу керек, біз кімге есеп береміз, соны да шешіп алайық. 4 оқу құралдарын қарастырды, емтихан билеттерін талқылады.

Омарова Г.Е. сөз алды: Біз жұмысты қабылдап алғанда комиссия жұмысы жоспары болмаған.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: «Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институты директоры тарапынан 2023 жылы 5 қыркүйекте бекітілген сапаны қамтамасыз ету комиссиясының 4 беттік жұмыс жоспары бар. Сол жерде жоспардың соңғы бетінде комиссия төрағасы ретінде П.Сейтпановтың қойылған қолы тұр.

Есимова Ш.А. сөз алып, «Су шаруашылығы және табиғатқа үйлестіру» институты бойынша сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жұмысына қанағаттанарлықсыз баға берілетінін ескертті.

Игликова А.Н.: Комиссия құрамы хаттамада көрсетілгендей, әр кафедра оқытушыларынан және студенттер арасынан сайланған 1 өкілден тұрады. Факультетте 12 бакалавриат, 10 магистратура БББ бар, сонымен қатар бізде биылғы жылы жаңа білім беру бағдарламалары ашылған еді. Айта кететін болсақ: бейімі бойынша магистратура (МВА), бакалавр бойынша 1 БББ ұсынылған болатын, бейімі бойынша магистратура 1 БББ реестрге тіркелініп, экспертте тексеруде тұр және де 1 БББ магистратура бағдарламасы реестрге енгізілді.

Факультетте сапа комиссиясы 2022 жылы бекітілген ереже бойынша жұмыс жасайды. Ережеде бекітілген негізгі функцияларын атап өтсем:

1.Түлектерді даярлауда БББ-да көрсетілген мақсатқа қол жеткізуде БББ-н үнемі жоспарлау, ұйымдастыру, ресурстарды қамтамасыз ету, жақсарту жөніндегі ұсыныстар беріп отыру, мазмұнындағы өзгертулерге мониторинг жүргізу;

2. Оқу- әдістемелік кешеннің сапасына баға беру (силлабус);

3.Академиялық адалдық фактілері бұзылған кезде, сапаны қамтамасыз ету комиссиясы міндетті түрде мұны қарастыруы керек. Осы оқу жылында студенттер, оқытушылар тарапынан түскен өтініштерді қарастырып, өз шешімімізді бердік;

Бекітілген жоспар бойынша бізде жыл бойы 12 хаттама жасалынды, әлі де 3 хаттама жасалынады.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды сөз алды: Сізге қояр 3 сұрағым бар: 1)Жалпы айтылып жатқан мәселелер, өзіңіз айтқандай үздіксіз жүріп жатқан жұмыстардың материалдары неге факультет сайтына салынбаған? Неге бұл ақпарат баршаға қолжетімді емес? 2) Ережеде көрсетілгендей, БББ-н әзірлеу, талқылау, бекіту барысында сапа бойынша комиссияның келісімімен жасалынуы қажет, сіздердің БББ сапа комиссиясының келісім қолы жоқ, неге? 3) Сапа комиссиясының атынан жоғарғы коллегиялық органдарға, мысалы, Ғылыми кеңеске, Академиялық кеңеске сапаны жақсарту жөнінен берілген ресми ұсыныстарыңыз болды ма?

Игликова А.Н. сөз алды: Сайтқа ақпараттар енгізу туралы ескертуіңізді назарға аламыз. Ал, комиссия тарапынан Академиялық т.б. кеңестерге ұсыныс осы күнге дейін берген емеспіз.

Біз факультетіміздің дамуы, сапасын жоғарылату мақсатында жұмысымызды атқарып отырдық. Сонымен қатар сіздерге өз ұсынысымды айтып кетсем: осы оқу жылына дейін сапаны қамтамасыз ету комиссиясы Академиялық кеңесте өзінің жылдық есебін тапсырып, ұсыныстарын ортаға салатын, сондықтан қайта Академиялық кеңес құрамына қосылсақ дегім келеді. Екінші ұсынысым: университет ішінде аудит жұмыстарына комиссия мүшелерін қатыстырсақ, басқа факультеттер жұмысымен танысып, тәжірибе алмаса алатын едік. Тағы бір ұсынысым: биылғы жылы деканның тапсырмасымен сапа комиссиясына аккредитация есебін тексеруге берді, біз есепті қарастырып өз эксперттік шешімімізді берген болатынбыз. Осыған байланысты бұл пунктті біздің ережемізге қосып берсеңіздер, аккредитация жұмысына тікелей қатысуға мүмкіндік берсеңіздер. Төртінші ұсынысым: кафедраларда инновациялық технологияларды пайдаланып өткізілетін ашық сабақтарға комиссия ретінде қатысуға мүмкіндік берілсе, ол бізге оқу-процесін бақылауға, сабақтардың жүргізілу деңгейін бағалауға ыңғайлы болар еді.

Есимова Ш.А. сөз алды: Ұсыныстарыңызды қабыл аламыз. Комиссия ережесіне жаңа оқу жылында актуализация жасауға ұсынамыз, сол кезде бірқатар мәселені ережеге ендіруге болады. Сонымен қатар, сапаны қамтамасыз ету комиссиясының мүшелігіне басқа құрылымдық бөлімдерден қызметкерлерді қоссаңыздар, сыртқы, жаңа көзқарас сіздерге пайдалы болады деп ойлаймын.

Нусупова А. сөз алды: Біз сапаны қамтамасыз ету комиссиясының мүшелерін қаңтар айында факультетте өзгерістер орын алуына байланысты қайта сайладық. Комиссия мүшелерін тәжірибесіне, жұмыс өтіліне қарап емес, жұмыс бағдарламасын құрастырушы, оның сапасына жауапты оқытушыларды сайладық. Факультетте сапаны қамтамасыз ету комиссиясы бекітілген жоспары бойынша өз дәрежесінде жұмыс жасап жатыр.

2022 жылы БББ-на аккредитация келген кезде тікелей сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жұмысының құжаттарын талап етті, талап еткен құжаттың ішіндегі жоспарда біз БББ-на өзгеріс енгізу, сапасын талқылау мәселесін екі ғана семестрде қарастырған болатынбыз. Аккредитация комиссиясы мүшелерінен әр үш ай сайын БББ-ның сапасын талқылау, мониторинг жасау, өзгеріс енгізу мәселелерін талқылау керек деген ұсыныс түскен болатын. Сол ұсынысқа байланысты біз қазір әр үш ай сайын талқылауды жоспарға енгіздік.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Сіздерде комиссия құрамында студент болған болатын, қазіргі құрамнан неге алып тасталынған? Ол 19.01.2024ж. бекітілген құрамда болған.

Нусупова А. сөз алды: Барлық комиссия мүшелері қаңтар айында студенттің мүшелігін қажет емес деп тапты, сондықтан тізімнен алып тастадық. Студентті тек соңғы отырысқа шақырамыз.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Бұл дұрыс емес деп ойлаймын. Оқу үдерісінде сапаны жақсарту студенттердің талап-тілектерін ескере отырып жүргізген дұрыс. Ол үшін олардың өкілі комиссия құрамында болуы тиіс. Егер бакалавриат студенттерін тым жас немесе тәжірибесі аз санасаңыздар, комиссия құрамына магистрант немесе докторантты тартыңыздар, құрамына енгізіңіздер. Мұнан ұтпасаңыздар, ұтылмайсыздар.

Есимова Ш.А. сөз алды: Комиссия құрамында бекітілген студент барлық отырыстарға қатысуы қажет, құрамынан шығарып тастай алмайсыздар.

Тағы бір ескеретін жайт, соңғы үш жылдағы барлық комиссия жұмысының құжаттары (жоспар, хаттамалар) факультет сайтында болуы қажет, ақпарат 3 тілде жарияланғандығы дұрыс.

Сіздерге де ескерту: барлық БББ-да комиссия келісімі болуы қажет, Академиялық жұмыс жөніндегі департаменттен құжаттың үлгісіне, келісім бөлігіне енгізуін талап етіңіздер.

Үкібаева Л.О.сөз алды: Биылғы оқу жылында факультет бойынша сапаны қамтамасыз ету комиссиясы 6 оқу-әдістемелік құралын қарастырды. Комиссия жылдық жоспар бойынша жұмыс атқарып жатыр.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Жоспарға қатысты атқарылған жұмыстар қай жерде қаралды? Қайдан көз жеткізуге болады? Факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жылына бір рет ережеге сәйкес факультет кеңесінде есеп бердіңіздер ме?

Факультеттерде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялардың жеке есептерін алдыра алмадық. Тек, аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөліміне өткізілген СМЖ бойынша жалпы есеп қана бар. Осы мәжіліске дейін де ешқайсыңыз алдына ала есеп немесе презентациялық материалдарыңызды да өткізбедіңіздер.

Комиссия төрағалары, сіздер ережеге және талаптарға сәйкес жұмыс жасауларыңыз қажет. Факультет декандары, комиссияның жұмыс жоспарын сіздер бекітесіздер, демек орындалуын да қадағалауды ұмытпағандарыңыз жөн. Барлық факультеттерге ескерту: Факультет кеңесінде жылдық есеп берілгендігі туралы хаттаманың электронды нұсқасын немесе көшірмесін біздің бөлімге өткізіңіздер. Біз де факультеттегі сапа тыныс-тіршілігін үнемі біліп отырайық. Жалпы, оқу процесінің сапасына барлығы жан-жақты көңіл бөлгені дұрыс.

Бұзаубақова К.Ж. сөз алды: Факультетімізде 21 БББ жұмыс жасайды. Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жұмысы жоспар бойынша атқарылып жатыр.

Демеуова Г.Б. сөз алды: Сіздердің алдыларыңызда факультеттің сапаны қамтамасыз ету комиссиясының есептері, сараптамадан өткен БББ көрсетілген, жалпы факультете бойынша 25 БББ бар. Комиссия бекітілген жылдық жоспар бойынша жұмыс атқарып жатыр. Комиссия отырысында жаңа оқу-әдістемелік құралдарды талдау қарастырылды.

Есимова Ш.А. сөз алды: “Атамекен” рейтингінде алған орындарыңыз бойынша зерттеу жүргіздіңіздер ме? Неге төменгі орындарда екендіктеріңізді сапа комиссиясы қарастырдыңыздар ма? Кафедраларға сапаны жоғарылату бойынша жұмыстар жүргізілді ме?

Сіздердің негізгі мақсаттарыңыз факультет, кафедра бойынша сапаны қамтамасыз ету болып табылады.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Бүгінгі жиынға дейін, сіздердің тараптарыңыздан жасалған жұмыстарды зерделеп көрдік. Факультеттердің сапаны қамтамасыз ету комиссиясының бүгінгі біз тыңдайтын өзекті мәселелері: жылдық жұмыс жоспарлары, талқыланып бекітілуі, орындалуы, хаттамалары мен есептері еді. Егер комиссия жоспарларына назар аударатын болсақ, байқайтынымыз, кейбір факультеттерде комиссия отырыстары ережеге сай ай сайын жоспарланбаған (жылына 4 рет қазан, қаңтар, наурыз

және мамыр). Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті мен технология факультеті - отырыстарды 2 айда бір рет жоспарлаған. Қалғандары айына 1 рет. Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті хаттамаларының тармақтары (барлығы 6) жоспарға сәйкес келмейді. Кейбір хаттамада шешім жоқ. Экономика және құқық факультетінің сапа комиссиясының 2023ж. 22 қарашадағы №4 хаттамасында да олқылықтар жеткілікті. Талқылау, талдау материалдары жоқ. Студенттердің 30 %-ы сабаққа қатыспаған жайтты айта келе, жалаң шешім шығарып, назарға алынсын деумен ғана шектеледі. Жаратылыстану факультетінің комиссия жоспарында қазан және қаңтар айларында “Факультет кафедраларындағы курстық және дипломдық жобаларды (жұмыстарды) әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз ету және бекіту” деген іс-шара бар. Сонда, әдістемелік нұсқауларды бекіту бұл комиссияның құзіретіне кірмейтінін ешкім білмеген бе? Мұндай жоспарлар қалай бекітіліп жүр? Негізі, сапа комиссия мүшелеріне түсіндіру семинарлары қажет-ақ екен. Жаңа оқу жылы басында осы бағытта тренинг өткізуді ұйымдастырсақ жақсы болады.

Комиссия жоспарларында көптеген маңызды мәселелер қарастырылмаған, мысалы, оқыту сапасына мониторинг, академиялық адалдық, сауалнамалау, өзектендіру және т.б. Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінде осыған ұқсай жайттар қалыптасқан. Барлық факультеттер бойынша сапа жөніндегі комиссиялардың жұмыс нәтижелері университет сайтында жарияланбаған. БББ дамыту жоспарларында факультеттің сапа жөніндегі комиссиясының келісімі қарастырылмаған. Педагогика факультеті мен Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеттерінің бұл құжатын Академиялық департамент директоры С.Алимбаева, ал басқа факультеттерде тиісті факультеттердің декандары бекіткен. Ал “Ұстаз” институты сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жоспарын төрайымның өзі К.Бузаубакова бекіткен. Негізі, бұлай болмайды. Дулати университеті тарапынан 21.04.2022 ж. №12 хаттама шешімімен бекітілген және №44 санмен тіркелген “Факультеттің/институттың сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже” бар. Барлықтарыңыз осы ереже талаптарын ұстануларыңыз керек. Егер уақыт талабына сай ережеге түзулер қажет болса оны өзектендіруге де болады. Бірақ, қазіргі жұмыстардың нәтижелері көңіл көншітпейді. Ережеге сәйкес, комиссияның негізгі мақсаттары білім беру бағдарламаларын іске асыру процесінде сапаны қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу, БББ шеңберінде оқыту нәтижелерінің жетістіктерін олардың құрылымы мен мазмұнына, нарық қажеттіліктеріне сәйкес бағалау, оқытудың сапасы, яғни ПОҚ біліктілігі мен құзыретіне сәйкестігі, оқыту әдістемесі, нәтижелерді бағалау әдістемесі және ресурстардың жеткіліктілігі бойынша БББ іске асыру шарттарын бағалау болып табылады. Осыған орай, атқарылатан жұмыстардың басым бағыты - БББ мазмұнын өзектендіру мониторингін жүзеге асыру, оқу-әдістемелік кешендердің, силлабустардың сапасына бағалау жүргізу, нақты фактілерге негізделген БББ тиімділігінің сапасына ішкі бағалау жүргізу, олардың еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестік дәрежесін айқындау, қолданыстағы БББ әлеуетін талдау, БББ мазмұны бойынша сапалық ұсынымдар, оларды жетілдіру бойынша ұсынымдарды айқындау, білім беру бағдарламасы студенттерінің оқыту сапасына қанағаттану мониторингі туралы есептерді қарау және т.б. болуы тиіс. Ал сіздер немен айналысып жүрсіздер. Негізінен, оқу құралдарын талқылап, бекітуге ұсынудан айналысқансыздар. Оларды талқылайтын арнайы сараптау комиссия т.б. бар емес пе? Немесе, академиялық адалдық туралы күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша қорытындысында тек назарға алынсын деумен ғана шектелген шешімдерді шығарумен айналысып келдіңіздер. Меніңше, бұл бағытта тиянақты жұмыстар болмаған. Факультет кеңесі немесе департамент тарапынан қадағалау да болмаған. Сондықтан, жалпы атқарылған жұмыстарды қанағаттанарлықсыз деп бағалауға болады. Жаңа оқу жылында бұл мәселелерге бәріміз жабылып жаңаша көзқарас орнатайық. Барлығыңыз білесіздер, СМЖ жүйесінде “Басшылық тарапынан талдау” деген университет ректорымен бекітілген СТУ 06-202 стандарты бар. Осы стандартты назарға алуды сұраймын. Нәтижелерді қорытындылау, талдау жасай білу, ағымдағы жылы кездескен кемшіліктерді қайталамау

мақсатында уақтылы түзету шараларын жүргізу - барлық деңгейдегі басшылар үшін маңызды.

Бірқатар пікір алысулардан соң мәжіліске қатысушылар күн тәртібіндегі мәселе бойынша төмендегідей шешім қабылдады.

Шешім: 1. Факультеттің/институттың сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия жұмыстарының жылдық есептері қанағаттанарлықсыз деп табылсын;

2. Факультеттің/институттың сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялардың жаңа оқу жылына жылдық жоспарларын әзірлеу және бекіту барысында ереже талаптары мен жоспарлау мазмұнының қамтылу мәселелері қатаң қадағалансын. Комиссия жұмыс жоспарлары Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімімен келісілсін. Жауаптылар: комиссия төрағалары және факультет декандары, Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г.Балкибаева. Мерзімі: 2024 жыл, қыркүйек айы.

3. Факультеттің/институттың сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ережесіне актуализациялау жүргізілсін. Жауапты: ережені әзірлеуші тарап - Академиялық департамент, мерзімі: 2024 жыл, қыркүйек айы.

4. Факультеттің/институттың сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшелеріне жоспарлау, бағалау, сапаны қамтамасыз ету бағыттары бойынша тренинг ұйымдастырылсын. Жауапты: Аккредитация, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Г.Балкибаева, Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығының басшысы Г.Алимбетова. Мерзімі: 2024 жыл, қыркүйек айы.

3-ші мәселе - Дулати университеті Даму бағдарламасының ағымдағы оқу жылы көрсеткіштерінің орындалуы бойынша Стратегиялық даму жөніндегі басқарма басшысы Ж.Дарибаев айтып өтті.

Даму бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған есеп М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы негізінде әзірленді. М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы Директорлар кеңесімен 19 наурыз 2024 ж. бекітілген. Бұл құжат осы кезеңге дейін қолданыста болған Дулати университетінің 2020-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасы орнына әзірленді. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен қабылданған және Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына (Концепция келесі) негізделеді, ол білім беру мекемелерінің дербестігін қамтамасыз етуге, жоғары оқу орындарына талантты мамандарды тартуға бағытталған.

Даму бағдарламасының 2023-2024 оқу жылына арналған жалпы индикаторларының саны – 100. Орындалған көрсеткіштердің жалпы саны – 69. Орындалмаған 31 көрсеткіштердің әр стратегиялық бағыт бойынша талдауын мәжіліске қатысушылар назарына ұсынды.

Ж.Дарибаев жоғарыда келтірілген индикаторлар бойынша жауапты құрылымдар туралы, олардың не себептен орындалмағаны мен сипаттамаларын айтып шықты. Бұл жаңа бағдарлама 2024 жылдың наурыз айында күшіне енгендіктен, ол бойынша көрсеткіштер оқу жылын әрине толық қамтымады. Ал, оған дейінгі кезеңде, Дулати университетінің 2020-2025 жылдарға арналған бұрынғы даму бағдарламасы бойынша 2023 жыл соңында орындалу есебі әзірленген болатын. Ол туралы егжей-тегжейлі университеттің ғылыми кеңесінде баяндалған. Бағдарламаның №4 қосымшасына сәйкес есеп ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне өткізілген болатын.

Коммерцияланатын 8 жобалардың орнына қазіргі ұсынылған 6 жоба туралы, Шетелдік білім алушылар санының азаюы индикаторы мен оның себептері ретінде көрші мемлекеттердегі шетелде оқуды шектеулер туралы, соның ішінде Өзбекстан оқу орнына түсудің шекті балын төмендеткені жөнінде, ал Түркіменстан тек ЕҰУ мен ҚазҰУ-ға түсуге рұқсат бергені туралы айтып өтті.

ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ОРЫНДАЛУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Стратегиялық бағыттар	Міндеттер №	Индикаторлар саны	Орындалған, саны, %	Орындалмаған, саны, %
I	1	5	4	1
	2	5	5	0
	3	5	4	1
Барлығы:	3	15	13	2
II	1	5	4	1
	2	3	3	0
	3	5	4	1
Барлығы:	3	13	11	2
III	1	5	5	0
	2	5	4	1
	3	4	1	3
	4	5	1	4
Барлығы:	4	19	11	8
IV	1	4	2	2
	2	4	2	2
	3	3	2	1
	4	5	5	0
Барлығы:	4	16	11	5
V	1	5	1	4
	2	5	5	0
	3	3	2	1
	4	4	3	1
Барлығы:	4	17	11	6
VI	1	5	5	0
	2	5	1	4
Барлығы:	2	10	6	4
VII	1	5	3	2
	2	5	3	2
Барлығы:	2	10	6	4
Жалпы: 7	22	100	69	31

DU ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ОРЫНДАЛУЫ
- СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР БОЙЫНША

Сонымен қатар, кітапхана қорын, оқу және ғылыми жабдықтарды жаңартуға жұмсалған қаржы қаражатының үлесі 19,77 % жоспарланғанымен, орындалуы 8,8 % көрсеткенін, осыған орай жоспарлау-экономикалық бөлімі тарапынан 6 айдың қорытындысы бойынша жылдық жоспарға түзетулер енгізілетінін, ЖОО-ның жалпы табысынан, оның ішінде эндаумент қоры шеңберінде ЖОО-ны дамытуға тартылған инвестициялардың, бюджеттен тыс қаражаттың үлесі 0,91 % белгіленген, алайда ағымдағы жылы "Dulaty Endowment" корпоративтік қоры туралы ереже, сондай-ақ тіркеуге және барлық қажетті заңдық формальдылықтарға дайындалу үшін Қордың барлық жарғылық құжаттары әзірленіп, дайындалғанымен, "Duty Endowment" ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің қор құрудан бас тартуына байланысты тіркелген жоқ екендігін айтты. Сондай-ақ, ғылыми қызметтен, инновациялық әзірлемелерден және коммерцияландырылған жобалардан алынған кірістердің үлесі 3,3 % орнына тек 2,8 %-ға жеткенін, жоғары рейтингті басылымдарда бағыттар бойынша ғылыми жарияланымдар саны әлі төмен екендігі туралы, Зерттеу жобаларына тартылуы тиіс 4 шетелдік сарапшылардың орнына, *3 сарапшының REILEAP, TEX4FUTURE, HWSA жобаларға тартылғаны туралы баяндады.

Аса маңызды көрсеткіштердің бірі ретінде - білім алушылардың жалпы контингентінде бакалавриат және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бойынша студенттердің үлесін 0,9 %-ға ұлғайту жоспары небәрі 0,21 %-ға ғана орындалғанын, бұл бойынша кәсіби бағдар жұмыстары барлық салалар бойынша күшейтілуі және үнемі назарда болуы тиіс екені туралы айтып өтті. Сол сияқты, 30 %-ды құрайтын Рефлексиялық дағдыларын дамыту үшін оқыту саласындағы зерттеулерге тартылған студенттердің үлесі индикаторы, Зерттеулердің жалпы санынан интеграцияланған пәнаралық зерттеулердің үлесі, Білім беруді зерттеу және педагогикалық құзыреттілік орталығын, қосымша білім беру орталығын (кіші академиялар, пәндік мектептер және т. б.) құру индикаторларының орындалмағандығын, бұл бағыттар тиісті құрылым басшылары тарапынан қадағалануы қажеттігін айтып өтті.

Жалпы, Дулати университеті 2023-2024 оқу жылында жаңа қадамдарға аяқ басып, жоспарланған іс-әрекеттердің бірқатар нәтижелеріне қол жеткізді.


Жаңа Даму бағдарламасын әзірлеп, оны процеске қосты. Кәсіби қызметті кешенді бағалау (KPI) туралы ереже әзірленіп, ақпараттық портал іске қосылды. Оқытушылардың жылдық рейтингі айқындалды. Университет халықаралық және ұлттық рейтингтерде жоғары орындарға ие болды. Есепті жылы бұрын аккредиттеуден өтпеген 85 білім беру бағдарламасы аккредиттеуден өтті. Ішкі СМЖ құжаттары жүйеленді. Халықаралық ынтымақтастық саласында да белгілі бір деңгейде жетістіктер бар. Дулати университеті стратегиялық басымдықтар мен міндеттерге және тұрақты дамуға әсер ететін бәсекелестік артықшылықтарды сәтті дамытып келеді. Университеттің әлеуеті жылдан жылға айтарлықтай өсіп, нығайып келеді, бұған халықаралық рейтингтік агенттіктердің нәтижелері дәлел бола алады.

Бірқатар талқылаулар мен пікір алысулардан соң мәжіліске қатысушылар күн тәртібіндегі мәселе бойынша төмендегідей шешім қабылдады.

Шешім: 1. Даму бағдарламасының ағымдағы оқу жылы көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпарат назарға алынсын.


2. Барлық құрылымдар жылдық жоспарлау жұмыстары барысында Даму бағдарламасының әрбір көрсеткіштері сала бойынша егжей-тегжейлі ескеріліп, олардың орындалуы тиісті жауапты тұлғалар тарапынан қамтамасыз етілсін. Жауапты: құрылымдық бөлім басшылары, мерзімі: 2024 жыл, қыркүйек айы.

Төрайым



Ш.Есимова

Хатшы



Ж.Турсыналиева